

С.Оразалин атындағы ЖОББМ –нің 2022-2023 оқу жылына «Ақпараттық технология» үйірмесіне жылдық жүргізген жұмыстарына талдама.

2022-2023 оқу жылына арналған «Ақпараттық технология» компьютерлік үйірмесінің бекітілген жоспар бойынша Сабақтар 2 топтан құралды. Әр топта 10 оқушыдан. Жалпы оқушылар саны – 18. I топта 3-4 сыныптар- 10 оқушыдан, ал II топта 5-6 сыныптар -10 оқушыдан аптасына 3 рет 8 сағаттан өткізілді.

Информатиканы оқытуда «Ақпараттық технология» құралдарды пайдалану атты тақырыпта жұмыс істеп келемін. Бұл тақырыпты алуымның мақсаты оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуы, ақпараттық –коммуникациялық технологияларды меңгеруі және оқушыларды болашақ кәсіптік қызметке даярлау, математика пәнінің сапасын арттыру болды. Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуы және олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі болып есептеледі.

Сондықтан мен өз сабақтарымда мүмкіндігінше оқушыларды өз беттерімен ақпараттар іздеуге, қосымша материалдарды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен анықтай алуға үйретемін. Осы тақырып төңірегінде қашықтық оқыту болғандықтан жұмыс жасау барысында мен презентациямен жұмыс, бейне сабақтар, BilimLand, WhatsApp арқылы сабақтар өткіздім.

Осындай сабақтардың барысында оқушылар тек білім ғана алмай сонымен қатар тәрбие де алады. Бұл сабақтардың барлығында да мүмкіндігінше ақпараттық технологияларды қолданып, сабақты түрлендіріп, оқушылардың белсенді ат салысуларына мүмкіндік жасадым. Сабақ нәтижелері жаман емес. Оқушылар тапсымаларды қызығушылықпен орындайды және сыныпта достық қарым-қатынастары күшейеді.

Қорыта келе, қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Жалпы осы аталған бағдарламаның: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық модульдерін болашақта да барлық өзімнің сабақтарымда қолданып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге тырысамын. Бұл модульдердің сабақтарда тигізетін пайдалары өте көп. Сабақтарымыз үнемі мазмұнды, нәтижелі, мағыналы, жан-жақты, оқушыларға қызықты болсын деп тілеймін.

Компьютерлік практикум



